4-қосымша осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрықпен бекітілген "Жер участасынан тұрақты жер пайдалану құқығына актілерді ресімдеу және беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсете нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға жүгінген кезде құжаттар пакеті тапсырылған күннен бастап - 6 (алты) жұмыс күні;";

8, 9 және 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық кезек" тәртібінде көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не: уәкілеттілігін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлғаның өкілетті өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

тұрақты жер пайдалану құқығын берген кезде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) жергілікті атқарушы органдың тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы шешімінен үзіндінің көшірмесі;

4) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдың жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекіткен жерге орналастыру жобасының көшірмесі (жерге орналастыру жобасын көрсетілетін қызметті беруші дайындаған жағдайда, жерге орналастыру жобасын ұсыну талап етілмейді);

5) жергілікті жердегі жер участекінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың көшірмесі (жер участекінің шекараларын белгілеу бойынша жұмыстарды көрсетілетін қызметті беруші орындаған жағдайда, шекараларды белгілеу жөніндегі материалдарды ұсыну талап етілмейді);

6) акы төлеу туралы төлем құжаты (түбіртек);

жер участекінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1 -бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участекінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы бұрын қолданыста болған Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес берілген тұрақты жер пайдалану құқығына актің ауыстырылған кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1-бөлігінің 1), 2) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участекінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде жер участекіне құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда, бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген тұрақты жер пайдалану құқығына актің ауыстырылған кезде көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1-бөлігінің 1), 2) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

порталға:

мемлекет тұрақты жер пайдалану құқығын берген кезде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтінім;

2) жергілікті атқарушы органдың тұрақты жер пайдалану құқығын беру туралы шешімінен үзіндінің электрондық көшірмесі;

3) облыстардың (респубикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдың жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілдеп тұрақты орган) бекіткен жерге орналастыру жобасының (жерге орналастыру жобасын көрсетілетін қызметті беруші дайындаған жағдайда, жерге орналастыру жобасын ұсыну талап етілмейді) электрондық көшірмесі;

4) жергілікті жердегі жер участекінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың (учаскенің шекараларын белгілеу бойынша жұмыстарды көрсетілетін қызметті беруші орындаған жағдайда, шекараларды белгілеу жөніндегі материалдарды ұсыну талап етілмейді) электрондық көшірмесі;

5) ақы төлеу туралы төлем құжатының (түбіртектің) электрондық көшірмесі; жер участекінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 2-бөлігінің 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участекінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрақты жер пайдалану құқығына актің ауыстырылған кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 2-бөлігінің 1) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участекінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда, бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрақты жер пайдалану құқығына акті

ауыстырылған кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 2-бөлігінің 1) және 5) тармақшаларында көрсетілетін құжаттар және жер участесіне құқық белгілейтін құжаттар ұсынылады.

Жеке басты қуәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының ақы төлегенін растайтын құжатты ("электрондық үкімет" шлюзі арқылы төлеген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісім алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге - көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

порталда - "жеке кабинетке" мемлекеттік қызмет көрсетуге сауалдың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады.

Көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды беруді жеке қуәлік ұсынылған кезде (не: уәкілеттілігін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлғаның өкілетті өкілі) қолхаттың негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды бір жұмыс күні ішінде береді.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

3-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі лауазымды тұлғаларының, шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың жұмыскерлерінің

шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші Министрлік басшысының атына: Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңесінде тіркеу (мертаңба, кіріс нөмірі мен тіркелген күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері дұрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Колма-қол, сол сияқты пошта арқылы түскен шағымды Мемлекеттік корпорацияның кеңесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мертаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады;

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жөнелткен кезде, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен", көрсетілетін қызметті алушы өтінішті өндөу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өндөу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Шағымда:

- 1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы;
- 2) занды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды

қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетіletіn қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңесесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық түрде жүгінген кезде көрсетіletіn қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өндөу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органның атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетіletіn мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылықтары бар, денсаулығы нашар көрсетіletіn қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы өтініш беру жолымен Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жерге барып жүргізеді.";

14-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көрсетіletіn қызметті берушінің [www.g2c.gov.kz](http://www.g2c.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.";

4) тармақша алынып тасталсын;

1-қосымша осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрықпен бекітілген "Уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына актілерді ресімдеу және беру" мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі - көрсетіletіn қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге және порталға жүгінген кезде құжаттар пакеті тапсырылған күннен бастап - 6 (алты) жұмыс күні";

8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық кезек" тәртібінде көрсетіледі, жер учаскесінің тұрған жері бойынша электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не: уәкілеттілігін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлғаның өкілетті өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

мемлекет уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын берген кезде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына актіні беруге өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының не оның сенімді адамының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) жергілікті атқарушы органның уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімінен үзіндінің көшірмесі;

4) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық

бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілдегі орган) бекіткен жерге орналастыру жобасының көшірмесі (жерге орналастыру жобасын көрсетілетін қызметті беруші дайындаған жағдайда, жерге орналастыру жобасын ұсыну талап етілмейді);

5) жергілікті жердегі жер участекесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар көшірмесі (жер участекесінің шекараларын белгілеу бойынша жұмыстарды көрсетілетін қызметті беруші орындаған жағдайда, шекараларды белгілеу жөніндегі материалдарды ұсыну талап етілмейді);

6) жеке тұрғын үй құрылышына бөлуге арналған аланды жер участекелерін орналастырудың жерге орналастыру жобасы болған жағдайда, көрсетілген жұмыстарды орындаған үйдің беретін, нақты жер участекесіне арналған жерге орналастыру жобасының бір бөлігі және оның жергілікті жердегі шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар;

7) уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) және (немесе) уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын сатып алу шартының көшірмесі;

8) жер участекесіне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (жалдау) құқығына берілген актінің дайындау үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжатының (түбіртектің) электрондық көшірмесі;

жер участекесінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағы 1-бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына акті ауыстырылған кезде жер участекесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1-бөлігінің 1), 2) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына берілген акті ауыстырылған кезде жер участекесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1-бөлігінің 1), 2) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

портаға:

мемлекет уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын берген кезде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтінім;

2) жергілікті атқарушы органның шешімінен уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы үзінді көшірменің электрондық көшірмесі;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекіткен жерге орналастыру жобасының электрондық көшірмесі (жерге орналастыру жобасын көрсетілетін қызметті беруші дайындаған жағдайда, жерге орналастыру жобасын ұсыну талап етілмейді);

4) жергілікті жерге орналастыру жобасының (жерге орналастыру жобасын көрсетілетін қызметті беруші дайындаған жағдайда, жерге орналастыру жобасын ұсыну талап етілмейді) электрондық көшірмесі;

5) жеке тұрғын үй құрылышына бөлуге арналған алаңда жер участеклерін орналастырудың жерге орналастыру жобасы болған жағдайда, көрсетілген жұмыстарды орындаған ұйым беретін, нақты жер участексіне арналған жерге орналастыру жобасының бір бөлігі және оның жергілікті жердегі шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың электрондық көшірмесі;

6) уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) және (немесе) уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын сатып алу шартының электрондық көшірмесі;

7) уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығының актісін дайындағаны үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжатының (түбіртектің) электрондық көшірмесі;

жер участексінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда көрсетілген қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағы 2-бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участексінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына акті ауыстырылған кезі көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағы 2-бөлігінің 1) және 7)-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына акті ауыстырылған кезде жер участексінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет

стандартының 9-тармағы 2-бөлігінің 1) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

Көрсетілетін қызметті алушы дайын құжаттарды алуға көрсетіletіn қызметті берушіге бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде, көрсетіletіn қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетіletіn қызметті алушыға береді.

Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, көрсетіletіn қызметті алушының ақы төлегенін растайтын құжатты (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) көрсетіletіn қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік акпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетіletіn қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетіletіn қызмет алушының келісімін алады.

Көрсетіletіn қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетіletіn қызметті берушіге - көрсетіletіn қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

порталда - "жеке кабинетке" мемлекеттіk қызмет көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі, сондай-ақ мемлекеттіk көрсетілген қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады.

Көрсетіletіn қызметті беруші дайын құжаттарды беруді жеке қуәлік ұсынылған кезде (не нотариалды расталған сенімхаты бойынша оның өкілі) қолхаттың негізінде жүзеге асырылады.

10. Көрсетіletіn қызметті алушы осы мемлекеттіk көрсетіletіn қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, көрсетіletіn қызметті беруші осы мемлекеттіk көрсетіletіn қызмет стандартына 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

3-тaraудың атаяуы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көрсетіletіn қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттіk қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі лауазымды тұлғаларының, шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Министрліктің, көрсетіletіn қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттіk қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттіk корпорацияның және (немесе) олардың жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетіletіn қызметті беруші Министрлік басшысының атына: Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің қеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің қеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркелген күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері дұрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Колма-қол, сол сияқты пошта арқылы түскен шағымды Мемлекеттік корпорацияның қеңсесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады;

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жөнелткен кезде, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен", көрсетілетін қызметті алушы өтінішті өндеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өндеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның қеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық түрде жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өндеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау

немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсете ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылықтары бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсете үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы өтініш беру жолымен Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жерге барып жүргізеді.";

14-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көрсетілетін қызметті берушінің [www.g2c.gov.kz](http://www.g2c.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.";

4) тармақша алғынып тасталсын;

1-қосымша осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрықпен бекітілген "Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актілерді ресімдеу және беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсете нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушіге және порталға жүгінген кезде құжаттар пакеті тапсырылған күннен бастап - 6 (алты) жұмыс күні;"

8, 9 және 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық кезек" тәртібінде көрсетіледі, жер учаскесінің тұрған жері бойынша электрондық кезекті портал арқылы броңьдауға болады;

2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не: уәкілеттілігін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлғаның өкілетті өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

мемлекет уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын берген кезде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) көрсетілген қызметті алушының жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет);

3) жергілікті атқарушы органның уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беру туралы шешімінен үзіндінің көшірмесі;

4) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекіткен жерге орналастыру жобасының көшірмесі (жерге орналастыру жобасын көрсетілетін қызметті беруші дайындаған жағдайда, жерге орналастыру жобасын ұсыну талап етілмейді);

5) жергілікті жердегі жер учаскесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың көшірмесі (жер учаскесінің шекараларын белгілеу бойынша жұмыстарды көрсетілетін қызметті беруші орындаған жағдайда, шекараларды белгілеу жөніндегі материалдарды ұсыну талап етілмейді);

6) уақытша өтеусіз жер пайдалану шартының көшірмесі;

7) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына берілетін акті дайындағаны үшін көрсетілген қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжатының (түбіртектің) көшірмесі;

жер участкесінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда көрсетілген қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1-бөлігінің 1), 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участкесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда, бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акті ауыстырылған кезде қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағы 1-бөлігінің 1), 2) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участкесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда, бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына акті ауыстырылған кезде қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағы 1-бөлігінің 1), 2) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

порталға:

мемлекет уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын берген кезде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтінім;

2) жергілікті атқарушы органының уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беру туралы шешімінен үзінді көшірмесінің электрондық көшірмесі;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекіткен жерге орналастыру жобасының электрондық көшірмесі (жерге орналастыру жобасын көрсетілетін қызметті беруші дайындаған жағдайда, жерге орналастыру жобасын ұсыну талап етілмейді);

4) жергілікті жердегі жер участкесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдардың электрондық көшірмесі (жер участкесінің шекараларын белгілеу бойынша жұмыстарды көрсетілетін қызметті беруші орындаған жағдайда, шекараларды белгілеу жөніндегі материалдарды ұсыну талап етілмейді);

5) уақытша өтеусіз жер пайдалану шартының электрондық көшірмесі;

6) уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына берілетін акті дайындағаны үшін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжатының (түбіртектің) электрондық көшірмесі;

жер участкесінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда көрсетілген қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағы 2-

бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участкесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы актісін ауыстыру кезінде көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағы 2-бөлігінің 1) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

жер участкесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда, бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы актісін ауыстыру кезінде көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағы 2-бөлігінің 1) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының ақы төлегенін растайтын құжатты (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырган кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге - көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

порталда - "жеке кабинетке" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілген қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады.

Көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды беруді жеке куәлік ұсынылған кезде (не: уәкілеттілігін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлғаның өкілетті өкілі) қолхаттың негізінде жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.";

3-тараудың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері жөніндегі лауазымды тұлғаларының, шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері жөніндегі лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші Министрлік басшысының атына: Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау шағымды көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркелген күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері дұрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы түскен шағымды Мемлекеттік корпорацияның кеңесінде қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады;

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жөнелткен кезде, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен", көрсетілетін қызметті алушы өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы;

2) занды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап пошта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның қоңасауда қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық түрде жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өндөу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылықтары бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы өтініш беру жолымен Мемлекеттік корпорация қызметкери түрғылықты жерге барып жүргізеді.";

14-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көрсетілетін қызметті берушінің [www.g2c.gov.kz](http://www.g2c.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.";

4) тармақша алынып тасталсын;

1-қосымша осы бүйрекке 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы бүйрекке 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы бүйрекке 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

"Жер участкесінің кадастрын (бағалау) құнын анықтау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бүйрекке 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Осы бұйрықпен бекітілген "Суарылатын егіс алқаптарын суарылмайтын алқаптар түріне ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

стандарттың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Суармалы егістікті алқаптардың суарылмайтын түріне ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Суармалы егістікті алқаптардың суарылмайтын түріне ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).";

"Суармалы егістікті алқаптардың суарылмайтын түріне ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандартына қосымша осы бұйрыққа 29-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп  
отырған бұйрықтарының тізбесіне  
1 қосымша

"Елді мекен шегінде объект салу  
үшін жер участесін беру"  
мемлекеттік көрсетіletіn  
қызмет стандартына  
1-қосымша

нысан

## Жер участесінің жер-кадастр жоспары

Жер участесінің кадастрық номірі \_\_\_\_\_

Мекенжайы (мекенжайының тіркеу коды) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Жердің санаты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Жер участесінің алаңы (гектар, шаршы метр) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Жер участесінің нысаналы мақсаты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Күкүк түрі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Жер участесін пайдалануға шектеу мен ауыртпалықтар \_\_\_\_\_

Жер участкесінің бөлінгіштігі \_\_\_\_\_  
(бөлінеді, бөлінбейді)

Жер участкесінің кадастрық (бағалау) құны немесе жер пайдалану  
құқығының құны (қажет болса заңнамада көзделген жағдайларда) \_\_\_\_\_

Жоспар шекарасындағы бөгде жер участкелері

Жоспардағы №	Жоспар шекарасындағы бөгде жер участкелерінің кадастрық номірлері	Алаңы (гаектар, шаршы метр)

Ескертпе:

Жергілікті атқарушы органдың жер-кадастр жоспары жер участкесіне құқық беру туралы қаулысының ажырамас бөлігі болып табылады. Жер участкесінің шекарасы жоспарының масштабында шекара нүктелерін, көрсету мүмкін болмаған кезде, олардың орналасқан жерлерін үлкен форматтағы, бірақ А-0 форматтан аспайтын парапта, жоспарға қосымша ретінде көрсетуге болады.

\*Шектестіктер сипаттамасы осы жоспарды дайындау сәтінде жарамды.

## Жер участкесінің жоспары

1 Масштаб:

Шектес участкелерді көрсету (кадастрық номірлер)\*:

А-дан Б-ға дейін

Б-дан В-ға дейін

В-дан Г-ге дейін

Г-ден А-ға дейін

Жер-кадастры жоспары \_\_\_\_\_

— (жер кадастрын жүргізуші ұйымның атауы)

озірледі

М.О. \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ жылғы " " \_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ә. (ол болған кезде))

басшысы

(жер қатынастары жөнінде уәкілетті органның атауы)

М.О. \_\_\_\_\_ 20 жылғы " "  
(қолы) (Т.А.Ә. (ол болған кезде))

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп  
отырған бұйрықтарының тізбесіне  
2 косымша

"Елді мекен шегінде объект салу  
үшін жер участесін беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
5-косымша

нысан

(Т.А.Ә. (ол болған кезде) немесе көрсетілетін

қызметті алушы ұйымның атауы көрсетіletіn

қызметті алушының мекенжайы)

## **Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КАҚ филиалының №\_\_ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің "Елді мекен шегінде объект салу үшін жер участесін беру" мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауызыға байланысты, атап айтқанда, жоқ құжаттардың атауы:

жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_.

"Елді мекен шегінде объект салу үшін жер участесін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр тараф үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерінің Т.А.Ә. (ол болған кезде), қолы)  
Орындаушы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (ол болған кезде)

Телефон \_\_\_\_\_

Алдың: \_\_\_\_\_

көрсетіletіn қызметті алушының қолы Т.А.Ә. (ол болған кезде)

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп  
отырған бұйрықтарының тізбесіне  
3 қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлік  
міндеттін атқаруышының  
2015 жылғы 27 наурыздағы  
№ 271 бұйрығына  
2-қосымша

## "Жердің сапалық жағдайы мен бағалау құны туралы мәліметтерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. "Жердің сапалық жағдайы мен бағалау құны туралы мәліметтерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.
3. Мемлекеттік қызметті "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

### 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:
  - 1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар пакетін тапсырған күннен бастап - 10 (он) жұмыс күні;
  - 2) құжаттар пакетін тапсыру үшін барынша жол берілетін күту уақыты - 15 (он бес) минут;
  - 3) құжаттарды алу кезінде барынша жол берілетін кезек күту уақыты - 15 (он бес) минут.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жағдайы (топырақтың мелиорациялық жағдайы, бонитет балы және жем-шөп алқаптарының дақылдық техникалық жағдайы) және жер участкесінің бағалау құны туралы мәліметтер.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және занды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 158-бабына сәйкес жер учаскесінің сапалық жағдайы мен бағалау құны туралы мәліметтерді ұсыну үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтің құны "Жердің сапалық жағдайы мен бағалау құны туралы мәліметтерін беру" мемлекеттік қызметтің көрсету бойынша жұмыс құнының есебі бойынша осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде есептеледі.

Жер учаскесінің сапалық жағдайы мен бағалау құны туралы мәліметтерді ұсыну ақысы қолма қол және қолма қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асыралады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібінде жер учаскесінің тұрған жері бойынша көрсетіледі.

